

Алғыс

Біз осы кітапты қайта басып шығарарда міндетті түрде алдыңғы басылымға қатысты айтылған пікірдің бәрін ескереміз. Алтыншы басылымның күшті және әлсіз тұстары туралы пікір жіберген кісілердің бәріне алғыс айтамыз. Олар ұсынған өзгерістің көбі кітаптың жаңа басылымында көрініс тапты. Өз тарауына өзгеріс енгізу, кейде едәуір өзгеріс жасау туралы өтінішімізді орындаған авторларға бұл жолы да алғыс айтқымыз келеді. Ол авторлардың көбі кітапқа бірінші басылымнан үлес қосып келеді. Сондықтан халықаралық қатынастар пәнінің педагогикасына адал жандарға ерекше ризамыз.

Дегенмен біз алғыстың ең үлкенін Венди Лойтертке айтуға тиіспіз. Ол Корнелл университетінде халықаралық қатынастар саласы бойынша докторлық диссертациясын жаза жүріп, жаңа басылым редакторының көмекшісі ретінде керемет жұмыс істеді. Барлық жұмысын, соның Азия мен Африкаға сапар кезіндегісін биік білікпен, асқан адалдықпен атқарды. Лойтерттің қажырлы еңбегінің арқасында кітаптың сапасы көп жақсарды.

Сонымен қатар редакция Оксфорд университеті баспасының редакциялық және өндірістік командасына (әсіресе Сара Айлс, Александра МакГрегор, Саша Кук және Элеонор Чатбернге) алғыс айтады. Ол кісілермен әріптес болу қашан да көңіл қуантады.

Джон Бейлис, Стив Смит және Патриция Оуэнс

Біз хабарласа алмай қалған кез келген авторлық құқық иелерінен рұқсат алуға баспагерлер қуана келіседі.

Бұл басылымның жаңалығы

Кітаптың 7-басылымы рецензенттердің ауқымды пікірлерінен соң, мұқият жаңартылды. Негізгі өзгерістер мынадай:

- Феминизм, нәсіл мәселесі, халықаралық ұйымдар және мемлекеттік емес ұйымдар туралы төрт жаңа тарау.
- Жаһандық саяси экономика, заманауи халықаралық тәртіптің орнауы, гендер мәселесі, соғыс және әлемдік саясат туралы жаңа тараулар.
- Әр тараудың басында қызықтырушы «негізгі сұрақтар» бар.
- Оқырманның пікір-дәлелдерді әр тараптан сыни бағалауына көмек болуы үшін тарауларға жаңадан «карама-қарсы пікірлер» айдары қосылды.
- Оқырман теорияны тәжірибеде қолдансын деген ниетпен бұл жолы әр «кейс-стадиге» қатысты «кейс-стади сұрақтары» берілді.